

*ҚР Мәдениет және спорт министрі
Арыстанбек Мұхамедиұлының
ҚР Парламенті Мәжілісіндегі
театрлар мен мұражайлар қызметінің
өзекті мәселелері туралы Үкімет
сағатында сөйлейтін сөзінің жобасы
Астана, 2014 жылғы қыркүйек*

Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы!
Құрметті депутаттар!

Әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіруді мақсат еткен мемлекетіміздің жаңа саяси бағыты мәдениет пен өнердің жасампаздық әлеуетін арттыру жөнінде ауқымды міндеттерді алдымызға қойып отыр.

Мәдениет саласындағы маңызды жобалардың бірі – бәсекеге қабілетті мәдени ментальдікті қалыптастыру мен заманауи мәдени кластерлерді дамытуға бағытталған **Мәдени саясаттың ұзақмерзімді тұжырымдамасын әзірлеу туралы** Мемлекет басшысының тапсырмасын жүзеге асыру болып табылады.

Отандық мәдениет пен өнерді дамытудың стратегиялық негіздерін қалыптастыруға, еліміздің бірегей шығармашылық қуатын арттыруға және отандық мәдениетті әлемдік деңгейге көтеруге үлес қосуға Ұлт көшбасшысы ұсынған керемет мүмкіндікке мәдениеттің барлық саласының және шығармашылық қауымдастықтың үлкен ықыласпен үн қосқанын атап айтқым келеді.

Тұжырымдаманы әзірлеуге жетекші мәдениеттанушы ғалымдар, өнер саласындағы білікті сарапшылар және шығармашылық одақтар қатысты.

Құжат ҚР Парламентінің Сенатында, «Нұр Отан» партиясы жанындағы «Мирас» қоғамдық кеңесінде, мемлекеттік органдардың ведомствоаралық жұмысшы топтары мүшелерінің, шығармашылық одақтардың, Ұлттық

кәсіпкерлер палатасы мүшелерінің және өзге де ұйымдардың қатысуымен жариялы түрде талқыланды, сондай-ақ тұжырымдаманың жобасы елдің көптеген өңірлерінде ұсынылды.

Қазіргі таңда құжат Үкімет тарапынан қолдауға ие болды, қыркүйектің соңына дейін Мемлекет басшысы Жарлығының жобасы ҚР Президенті Әкімшілігіне жолданатын болады.

Жаңа мәдени саясаттың стратегиялық доминантасы Мемлекет басшысы ұсынған «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы болып табылады. **«Мәдениет – ұлттың генетикалық коды»** деп Мемлекет басшысы айрықша атап өткен болатын.

Тұжырымдаманың аса маңызды қағидаларының ішінде **ұлттың «мәдени коды»** түсінігінде белгіленген нығайтушы бастаманың өзектілігі ерекше атап өтілді. Ол **жеті бөліктен тұратын – Жеті Қазына**: мұра, дәстүр, салт, тіл, отбасы, шаруашылық жүйелер мен мерекелер. **Жеті Қазынаның бір бөлігінің жоғалуы ұлттық бірегейлігімізден айырылуға әкеліп соқтыруы мүмкін!**

Осы салаларда туындап отырған мәселелерді жылдам шешу тетіктерінің бірі Мәдени саясат тұжырымдамасының аясында көзделіп отырған беделді консультациялық-кеңесші орган – **Мемлекет басшысы немесе ҚР Үкіметі жанынан Әдебиет және өнер жөніндегі ұлттық кеңесті** құру болады.

Оның құрамына депутаттар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелері, көрнекті шығармашылық тұлғалар, шығармашылық одақтар мен мәдениет ұйымдарының жетекшілері, сарапшылар, қоғам қайраткерлері және бизнес қауымдастығының өкілдері кіреді. Әдебиет және өнер жөніндегі ұлттық кеңестің жұмысшы органы Мәдениет және спорт министрлігі болады. Осылайша, біз барлық мүдделі тараптардың қатысуымен аса өткір мәселелерді жоғары деңгейде талқылауға және тиімді шешімдерін қабылдауға мүмкіндік аламыз.

Сонымен қатар, Тұжырымдама **Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі жанынан театр және мұражай ісі жөніндегі шығармашылық кеңестерді құруды** қарастырады.

Көркемдік кеңестер репертуарлық, гастрольдік, кадрлық саясатты үйлестіруді, өзекті және өткір мәселелерді шешуді, бизнес құрылымдарды тартады, өңірлік ерекшеліктеріне қарамастан еліміз бойынша мәдени көрсеткіштерге жету мен ілгерілетудің жаңа формаларын іздестіреді.

Бүгінгі таңда театрлар қызметінің бірыңғай мақсатты ұстанымы жоқ. Мәдениеттің өңірлік ұйымдарының қызметін үйлестірудің барлық мәселелері жергілікті атқарушы органдардың қарамағында екені өздеріңізге мәлім. **Мамандарды оқыту – Білім және ғылым министрлігінің** қарауында, оларды **жұмысқа орналастырумен** жергілікті **әкімдік** айналысуда, ал біздің Министрлік бұл процеске тікелей араласа алмағандықтан, театрдың шығармашылық қызметін ұйымдастыруда диспропорциялар бар. Ал бұл өз кезегінде – мәдени сепаратизмге әкелуі мүмкін.

Сондықтан **театр маманын дайындау кешенді түрде** болуы тиіс. Яғни, актер немесе режиссердің - білім алуы, жұмысқа орналасуы – Министрліктің құзыретінде болуы керек. Сол кезде сахна өнеріндегі «жанартау-таланттар» болған – бүгінгі күннің «Фаридалары», «Асанәлілері», «Досхандары» шығады.

Еліміздегі барлық театр ұйымдарының қызметін біріктіруіміз қажет. «Біріктіру» сөзін тура қабылдап, оны жекелеген құрылым немесе ұйым ретінде қабылдаудың қажеті жоқ. Бұл түсінікті біз кеңінен қарастыратын боламыз.

Мәдениеттің өңірлік ұйымдарының (Жергілікті атқарушы органдардың қарамағындағы) заңдық мәртебесін қозғамай, көркемдік кеңесті құру мәдениет саласындағы келісілген тәсілдерді талқылау мен іске асыру үшін орталық және жергілікті мемлекеттік органдар мен мәдениет ұйымдарының

күштері мен мүдделерін біріктіруге мүмкіндік береді. Бұл елдің бірыңғай мәдени кеңістігін құрудың аса маңызды шарты.

Театр – бұл көрермендермен тікелей бірлескен шығармашылық қарым-қатынас орната отырып, адамдарды табиғи тіл табыстыратын сала. Қалада театрдың болуы – сол елдімекеннің мәдени деңгейінің маңызды факторы.

Қазіргі таңда Қазақстанда **52** мемлекеттік театр жұмыс жасайды, олардың **9** республикалық, **43** өңірлік театрлар, сондай-ақ **10**-нан астам әр бағыттағы мемлекеттік емес театрлар бар.

Тәуелсіздік кезеңінде республикада **18** театр ашылды, **3** театрға арналып Орал, Қарағанды және Қостанай қалаларында жаңа ғимараттар салынды.

Қазақстан бұл орыс, неміс, корей, ұйғыр, өзбек ұлттық театрлары қызмет ететін бірегей ел.

Жалпы алғанда, соңғы жылдары театр қызметі белсенділігінің артуы айқын байқалады. Соңғы 4 жылдың өзінде еліміздің театрлары **48 мыңнан** астам спектакльдер көрсетті, оның **1200-і** жаңа қойылымдар. Театрларға **8,5 млн.** астам көрермендер келген, олардың **4,2 млн.** балалар. Бұл дегеніміз – халық санының жартысы.

Мұндай жағымды динамика Мемлекеттік қолдау белсенділігінің нәтижесінде болып отыр.

Театр өнерін дамыту мақсатында **ұлттық, драмалық театрлардың халықаралық және республикалық фестивальдері** сияқты ауқымды имиджді іс-шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылуда. Оған қоса, **«Тәуелсіздік толғауы» республикалық байқауы** тұрақты түрде өткізіліп тұрады, **ең үздік опералық және драматургиялық шығарма номинациялары** бойынша үздіктер марапатталуда.

Соңғы үш жылдағы өңірлік театрлардың қызметін талдау барысында келесі өзекті мәселелерге тоқталмай кетуге болмайды.

Репертуарлық саясат туралы

Театрлардың маңызды проблемасы репертуарлық саясат болып табылады. Отандық авторлардың шығармалары бойынша спектакльдерді негізінен қазақ театрлары қояды. Орыс театрларының репертуарларындағы отандық авторлардың шығармалары бойынша қойылған спектакльдер **15 пайыздан** аспайды. Мұнымен қоса, кейбір театрлардың репертуарларында мұндай спектакльдер мүлдем жоқ. Қазақстандық авторлардың спектакльдері шетелдерде сәтті қойылып жүрген шақта отандық драматургтердің пьесаларының репертуарларымызға енгізілмеуін қалай түсіндіре аламыз?

Мәселен, көрнекті қазақ жазушысы, драматург **Дулат Исабековтың** туғанына 70 жыл толуына арналған фестивалде Түркия, Болгария, Тәжікстан және Ресей театрлары мерейтой иесінің спектакльдерін табысты қойды.

Отандық кәсіби драматургтердің шығармашылығын белсене қолдау қажет, себебі өскелең ұрпақты тәрбиелеу біздің ділімізбен тұтас көркемдік образдар негізінде қалыптасуы тиіс.

Алайда кейбір облыстық театрлар өз репертуарын жергілікті авторлардың шығармаларымен ғана толықтырып отыр. Мысалы, Ш.Құсайынов атындағы Ақмола облыстық қазақ музыкалық драма театры репертуарының 70 пайызын көркемдік деңгейі төмен, драматургиялық шеберлігі өте таяз жергілікті авторлар құрап отыр.

Репертуарлық саясаттағы ішінара мәселелердің объективті себептері бар. Театрлардың жылына **6-7** дейін жаңа қойылымдар қоя алатын мүмкіндігі болса да, жергілікті бюджеттен шамамен **1** немесе **2** спектакльге ғана қаражат бөлінеді. Бұл ретте **өңірлерде 1 спектакльге орташа есеппен 200 мың теңгеден 2 миллион теңгеге дейін беріледі.**

Толыққанды спектакль қою үшін мұндай қаражат әрине жеткіліксіз, нәтижесінде сапасы төмен қойылымдар пайда болады. Біздің есептеуімізше **бір стандартты спектакльді қоюдың орташа сомасы 3 миллион теңгені құрауы тиіс.**

Шығармашылық кадрлар және театр қызметкерлерін әлеуметтік қолдау туралы

Көптеген өңірлік театрларда штаттық кестеде қарастырылған көркемдік жетекшілер мен бас режиссерлердің лауазымдары бос қалуда.

Жалпы алғанда, қазіргі уақытта еліміздің **9 өңірлік театрына бас режиссер жетіспейді**. (Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Жезқазған, Павлодар, СҚО, ОҚО).

Есесіне бас режиссердің лауазымын кәсіби білімі жоқ адамдар атқарған деректер бар. Театр директоры көркемдік жетекші міндетін өзі қоса атқаратын мысалдар да жеткілікті. Жезқазғанда (қазақ театры), Павлодарда (орыс театры) және ОҚО (қазақ театры, Жетісай қ.) бір адам - әрі театр директоры, әрі көркемдік жетекші болып табылады.

Театрдың эстетикасы мен шығармашылық деңгейін биікке көтеруде және көрермендерді тартуда **көркемдік жетекшінің** атқаратын ролі ерекше. Тіпті оның шығармашылық харизмасы аса маңызды екенін әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр.

Мысалы, Ресейде **Марк Захаров, Галина Волчек, Олег Табаков, Юрий Соломин, Лев Додин, Михаил Ширвиндт** сияқты есімдер өнерсүйер қауымның ерекше ықыласына ие. Олар театрдағы шығармашылық процесс пен репертуарлық саясатқа жауапты және бұл салада өте беделді тұлғалар болып саналады. Ал **театр директорының** қызметі шығармашылық ұжымның әкімшілік функциясын айқындайды. Былайша айтқанда, театр директоры - кәсіби менеджер, шаруашылық адамы болуы тиіс.

Халықаралық стандарттар бойынша – «көркемдік жетекші» мен «директор» өз алдына екі түрлі лауазым болуы керек.

Мысалы, М.Әуезов атындағы театрдың көркемдік жетекшісі – Халық әртісі Асанәлі Әшімов, М.Лермонтов театрының көркемдік жетекшісі – Рубен Андриасян, Ғ.Мүсірепов театрында – белгілі сахна шебері Ерлан Біләл көркемдік жетекшілік жасайды. Бұл театрлардағы шығармашылық әлеует – биік деңгейде. Осындай тәртіп өңірлердегі барлық театрларда болуы тиіс.

Сондай-ақ өңірлік театрларда басқа мамандықтар бойынша да кадр тапшылығы байқалады. Яғни, режиссерлар – **3** орын, суретші-көркемдеуші – **16** орын, актерлер – **23** орын және басқа мамандықтар бойынша – **7** орын бос.

Кадрлық мәселені шешуде мәдениет және өнер саласындағы бірыңғай білім беру кеңістігін қалыптастыру және бірқатар шығармашылық оқу орындарын Мәдениет және спорт министрлігінің қарамағына беру мол әлеуетке ие.

Онымен қоса, өнер саласындағы білім берудің ерекшелігі мамандық таңдау мен оны игерудің ерекшеліктерінен көрінеді.

Музыкант орындаушыларда, театр мен кино әртістерінде, бишілер мен суретшілерде **білім беру үрдісі** көбінесе балалық шақтан басталады және үздіксіз болуы тиіс, себебі қандай да бір ғылымдарды біртіндеп игерумен (іргеліден жекеге қарай) емес, білім алушылардың игеріп жатқан өнер түрінің мәнін аса тәжірибелік сезімдік, дене және интеллектуалдық игеруімен, тұлғаның психофизикалық мүмкіндіктерін ашумен, өз денесі мен психикасын жаттықтырумен байланысты.

Тиімді оқытудың маңызды көрсеткіші **үздіксіздік және Мемлекет басшысы ұсынған оқу орны мен жұмыс берушілер арасындағы тығыз байланысты және тұрақты кәсіби практиканы қамтамасыз етуге үндейтін оқытудың дуальді принципін орындай отырып, қабілетті және дарынды тұлғалардың қалыптасуын, өсуін және кәсіби жетілуін үнемі бақылап отыру** болып табылады.

Одан бөлек, дарынды тұлғаның шығармашылық өміріне мүдделі тараптың (бейінді ведомство) тікелей қатысуы кәсіби әлеуетті қалыптастыруға ғана емес, сондай-ақ оны халықаралық деңгейге шығаруға, кәсіби шеберлігін және мемлекеттің шығармашылық беделін арттыру мақсатында оның түрлі халықаралық конкурстар мен байқауларға қатысуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мәдениет және өнер саласындағы оқу орташа есеппен **15-20 жылға** созылады, ал шығармашылық тұлғаның қалыптасуы әдетте **30-40** жылды құрайды.

Мысалы, Халық Қаһарманы, көрнекті режиссер Әзірбайжан Мәмбетов - театр кеңістігінде бірден мойындала

қойған жоқ. Оның режиссурадағы алғашқы жұмысы, Шахмет Құсайыновтың «Асау Ертіс жағасында», Зейін Шашкиннің «Заман осылай басталады» пьесалары негізінде қойған қойылымдары сәтсіз сахналанды. Алайда уақыт өте келе оның суреткерлік таланты ашылып, кейін халықаралық аренаға шыққан кәсіби деңгейі биік заңғар режиссерға айналды.

Мамандардың жетіспеуіндегі негативті факторлардың бірі **жалақының төмендігі**. Бүгінгі күні өңірлік театр қызметкерінің орташа жалақысы барлық үстемелерімен **48 000 теңгеден 70 000** теңгені ғана құрайды.

Тұрғын үй мәселелерінің шешілмеуі де мамандар зәрулігін тудыруда. Әрине баспана беріледі, бірақ жүйелі және тұрақты сипатта емес.

Міне, театр қызметінің негізгі және өзекті мәселелері осындай. Бұлардың көбісі мұражай саласына да қатысты.

Мұражай ісі

Ғаламдану және қоғамның заманауи қарқынды даму жағдайларында елдің тарихи-мәдени мұрасының сақталуы мен тұтастығы маңызды стратегиялық міндет болып отыр.

Осыған байланысты, мұражайларға мәдени құндылықтарды сақтайтын ең басты орын ретінде ерекше рөл беріледі.

Қазіргі уақытта Қазақстанда **237** мемлекеттік мұражай қызмет атқарады, оның ішінде республикалық деңгейдегі **15** мұражай және қорық-мұражайлар, облыстық деңгейдегі **214** және **8** ведомстволық мұражайлар бар.

Мұражайлардың қорлары мен қойылымдарында **3,6** млн-ға жуық мәдени құндылықтар бар. Орта есеппен алғанда жыл сайын мұражайлар **7** мыңнан астам көрмелер, **11** мың дәрістер, **190** мыңнан астам экскурсиялар өткізеді.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік мұражайларға келушілер саны өткен жылы **5** миллионға жуық адамды құрады. Бұл қоғамның өзінің мұрасына деген қызығушылығының артқандығын көрсетіп отыр.

Еліміздің мұражай өміріндегі орасан зор оқиға - Қазақстанның астанасында **Қазақстан Республикасының**

Ұлттық мұражайының ашылуы болды. Ұлттық мұражай Орталық Азиядағы ең ірі мәдени орталықтардың бірі болып отыр.

Мұражайдың алдына биік міндеттер қойылып отыр – Ұлттық мұражай ғылымның, білімнің, коммуникацияның, мәдени ақпарат және шығармашылық инновациялардың орталығы болуы тиіс. Сонымен қатар, Ұлттық мұражай ғылыми дүниетанымның қалыптасуына, өскелең ұрпақты адами және эстетикалық тәрбилеуде өз септігін тигізуі қажет.

Осы жерде көрмелік және мәдени-бұқаралық жұмыстар елімізде де, шетелде де тарихи және мәдени мұраны белсенді таныстырудың маңызды құралы болып отыр.

Жыл сайын республикалық мұражайлар мен қорық-мұражайлар өткізетін көрмелер мен презентациялардың саны артып, сапасы жақсаруда.

Мысалы, 2012 жылы **220 көрме** өткізілсе, 2013 жылы **285 көрме** өткізілді. Ал 2014 жылдың бірінші жартыжылдығының өзінде **224 көрме** өткізілсе, оның ішінде **10** халықаралық, тағы **5** халықаралық көрме өткізу жоспарлануда.

Артефактілермен жүйелі ғылыми жұмыс жүргізіп, оларды халықаралық айналымға енгізу қажет. **Жалпы алып қарағанда әрбір ірі мұражайдың қорында әлемдік деңгейдегі әлеуетті үздік туындылар бар**, алайда олардың көбісі өз бағасын ала алмай отыр. Артефактіні презентациялау бойынша тиімді жұмысты құру, оған деген қызығушылықты ояту маңызды болып отыр.

Барлық артефактілер іздеу жұмыстарының нәтижесі, танымал тұлғалар кеңінен таралуы тиіс. Мұражайлық құндылықтарды жай ғана сақтаудың қажеті жоқ. Олар туралы фильмдер, мультфильмдер түсіру қажет, кітаптар, өлеңдер жазу керек, оларды төлтума (бренд) ретінде ұсына отырып сату қажет, сондай-ақ баспа өнімін рәсімдеп, сауда маркасы ретінде белгілеу қажет! Бұл үшін Discovery, Viasat History және тағы да басқа әлемнің жетекші телекомпанияларымен ынтымақтастықты жолға қою керек.

Мемлекет басшысы патриоттықты тәрбиелеуге және жоғары рухани құндылықтарды өскелең ұрпаққа дарытуға бағытталған Қазақ хандығы және маңызды тарихи тұлғалар

кезеңдері туралы тарихи фильмдер түсіруге аса назар бөлу керек деп нақты тапсырма берді.

Біз мықты әлеуетке ие бола тұрып оны іске асыра алмаудамыз. Әлем түгілі өзімізге көрсете алмай отырмыз. **Алтын адамымыздың өзі бренд** ретінде бізге қаржылық, сондай-ақ имидждік мол табыс әкеле алады.

Осыған байланысты, Мәдени саясат тұжырымдамасында еліміздің мұражай ісін реформалауға ерекше назар аударылған. Бұл реформалау ең алдымен **мұражайлардың қызметін мәдени-білім беруге және ғылыми-зерттеу жұмысының имидждік орталықтарына дейін кеңейтуді талап ететін болады.**

Осылайша, **еліміздің мұражайлары ғылым мен зерттеу қызметінің негізгі орталығы болуы тиіс** (АҚШ-тағы Смитсон институты үлгісі бойынша).

Орталық мұражайлар **археология – ғылыми зерделеу (қалпына келтіру) – ұсыну (экспозиция) – көркемдік іске асыру – дәріптеу (кино, әдебиет, көркем өнер және т.б.).** қағидаттарымен мәдени мұрамызды ілгері дамытуы тиіс.

Сондай-ақ, қорық-мұражайлар қызметінің тұжырымдамасын қайта қарастыру қажет. Өзіміз білетіндей, мәдени объектілер, тарихи-мәдени ландшафт және туристік ағындардың көп бөлігін тартуда әлемнің туристік индустриясында орталық орынға ие.

Бұған дейінгі жылдарда құрылған отандық мұражайлардың көбісі әлі де өлкетану мұражайлары ретінде қызмет етіп келеді, олардың экспозициялары ескірген және бүгінгі күннің талаптарына сай келмейді.

Көп жағдайда мұражайлардың бастамасын дамытуға, сұранысқа ие және сапалы өнім көрсетуге ынталары жоқ. Осы орайда, иелік формасын мемлекеттіктен қазыналыққа аудару кәсіпкерлік бастамаға, сондай-ақ билеттер сату арқылы ынталандыру мүмкін болар еді.

Біздің орталық мұражайдың өзі бүгінгі күні алдыңғы қатарлы мұражайлардың қатарына таласа алмайды. Бүгін ол, мұражай саласын алға сүйрейтін дәрежеге жете алмай отыр, оның бас мұражай орталығы ретіндегі өңірлермен жұмысы

нөлге жақын десе болады. **10-15** жылда небәрі **35** көрме өткізілген, оның **15** – шетелде, **20** – елімізде, оның көп бөлігі Астанада ұйымдастырылған. Ал оның негізгі міндеті – ғылымды, зерттеу қызметін ілгерілету, сондай-ақ еліміздің халқын барынша қамту болып табылады.

Өңірлік мұражайлар сыртқы экскурсиялар өткізбейді деуге болады. Осы ретте, шетелдік тәжірибе, атап айтқанда Эрмитаждың тәжірибесі сыртқы көрмелерді ұйымдастыру немесе шетелдерде өз филиалдарын ашу аса маңызды екенін көрсетіп отыр. Эрмитаждың филиалдары Амстердам, Выборг, Казань сияқты қалаларда орналасқан, сондай-ақ оның филиалын Қазақстанда ашу мүмкіндігі қарастырылуда.

Барлық ірі мұражайлар ғылыми-зерттеу экспедицияларына шығуы тиіс. Мұражай жанында археологиялық ғылым дамуы тиіс. Бірыңғай білім беру кеңістігін құру бұл бағытқа жаңа серпін бере алады.

Қазақстанда өкінішке орай, **мұражайлар үшін реставрациялық орталықтар жоқ**. Осыған байланысты, жоғары білікті халықаралық мамандарды тартатын орталықтандырылған реставрациялық орталықты құру біз үшін өзекті мәселе болып қалып отыр.

Біздің білім беру ортамыз ірі ғылыми және тәжірибелік әлеуетке ие. Өнертану, декоративтік-қолданбалы өнер, тарих, археология факультеттері өз жұмыстарын үйлестіруі және ортақ жобалар жасауы, ғылыми экспедициялар ұйымдастыруы қажет. Оқытудың дуальды қағидасы білім беру кеңістігінің бірыңғайлығы жұмыстың жаңа сапалы форматына шығуға мүмкіндік береді.

Тарихи-мәдени қорық-мұражайлар үшін шетелдік қорық-мұражайлардағыдай **заманауи визит-орталықтар салудың өткір қажеттілігі туындап тұр**. Бұл келушілерді қабылдау үшін оның ішінде шетелдік туристерді қабылдау үшін барлық жағдайды жасауға мүмкіндік берер еді. Өкінішке орай, ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік Мұрасы тізіміне кірген нысандар **«Тамғалы»** қорық-мұражайы немесе **«Әзірет Сұлтан»** қорық-мұражайының өзі де мұндай мүмкіндікке ие бола алмай отыр.

Туризм саласы, жергілікті атқарушы органдар өзара іс-қимыл жасауы және ортақ жобаларды іске асыруы тиіс. Осыған орай, мәдени саясаттың тұжырымдамасы басым

бағыт ретінде туристер ағынын тарту мақсатында мәдениет объектілернің жұмыстарын жандандыруға шақыратын туристік кластерлерді дамытуды айқындайды.

Біздің қорық-мұражайлардың әлеуеті жеткілікті. Жыл сайын бір ғана Тамғалы кешеніне 15 мыңнан астам адам келеді.

Қазіргі жағдайда тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау аймағының территориялық тұтастығын сақтау мәселесі өзекті болып тұр. Бұл Түркістан қаласындағы **«Әзірет Сұлтан»** Мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының территориясына да қатысты. **Қожа Ахмет Яссауи кесенесі** ЮНЕСКО-ның тізіміне кірген Дүниежүзілік мұраның ескерткіші болса да, аталған ескерткіштің қорғау аймағына қол сұғушылықтар тоқтамай отыр.

Мұндай теріс факторларды болдырмау мақсатында қорық-мұражайлардың басшылықтарына қорық-мұражайларды **Дамытудың бас жоспарларын** әзірлеу тапсырылды. Бұл шараның мақсаты - қорық-мұражай аумағындағы кез-келген құрылыс бекітілген **Бас жоспардың** негізінде жүзеге асуы тиіс болып отыр.

Сондықтан, мұражайлардың қызметінде туындаған барлық мәселелер мен қиындықтар ерекше көңіл бөлуді және Парламент пен Үкімет, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар тарапынан жан-жақты қолдауды қажет етеді.

Мұражай мен театр қызметі салаларындағы жетістіктер мен туындап отырған мәселелер осындай.

Зейін салып тыңдағандарыңызға рахмет!